


# “№53 ЕР-АСЫЛ” БӨБЕКЖАЙ БАҚШАСЫ

## ТӘРБИЕШІ ПОРТФОЛИОСЫ

Абдираева Нуржамал  
Лесбеккызы



# МАЗМҰНЫ



I Тәрбиеші тарулы жалпы мәлімет

II Өз білімін жетілдіру

III Шығармашылық жұмыс

IV Жетістіктер

V Жұмыстар жайлы альбомдар

# ТӘРБИЕШІ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ



**Аты-жөні:** Абдираева Нуржамал  
Лесбеккызы

**Туған жылы:** 01.01.1975 ж.

**Білімі:** жоғары

**Бітірген оқу орны:**

Шымкент университеті

**Мамандығы:** Бастауыш оқытудың  
педагогикасы мен әдістемесі

**Санаты:** жоқ

# ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҰСТАНЫМЫМ



*“Жаңашыл ұстаз” ...*

*Бұл атау қазіргі таңда педагогика  
саласында жиі ауызға алынып жүрген  
жаңа ұғымдардың бірі.*

*Жаңашыл педагог ретінде даму –  
уақыт талабы.*

*Сондықтан да жаңашыл педагог  
болуға талпыну.*



# ЖОҒАРҒЫ БІЛІМ



 <p><b>Шымкент университеті</b> <small>(жоғары оқу орнының толық атауы)</small></p> <p>Мемлекеттік аттестаттау комиссиясының 20 12 жылы « 23 » 04 шешімімен (№ 02 хаттама)</p> <p><b>Абдираева Нуржамал Лесбекқызына</b> <small>(аты, әкесінің аты)</small></p> <p><b>050102-Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі</b> мамандығы бойынша</p> <p><b>БАКАЛАВРЫ</b> академиялық дәрежесі берілді</p> <p><small>Аттестаттау комиссиясының төрағасы</small> Решімір Хаттама М.О. ШЫМКЕНТ УНИВЕРСИТЕТ</p> <p>Қысқартылған нөмірі: 0793 2012 жылғы « 07 » мамыр Шымкент қ.</p> <p>ЖБ - Б № 0400385</p>	 <p>Решением Государственной аттестационной комиссии</p> <p><b>Шымкентского университета</b> <small>(полное наименование высшего учебного заведения)</small></p> <p>от « 23 » 04 20 12 года (протокол № 02 )</p> <p><b>Абдираевой Нуржамал Лесбекқызы</b> <small>(фамилия, имя, отчество)</small></p> <p>присуждена академическая степень <b>БАКАЛАВР</b></p> <p>по специальности <b>050102-Педагогика и методика начального обучения</b> <small>(наименование специальности)</small></p> <p><b>Shymkent University</b> <small>(full name of higher education institution)</small></p> <p>by the authority of the State Certification Commission has conferred upon</p> <p><b>Abdirayeva Nurzhamal</b> <small>(graduate's full name)</small></p> <p>the degree of Bachelor in <b>050102-Pedagogics and Methods of Primary Education</b> <small>(name of specialty)</small></p> <p>Date « 23 » 04 20 12 « 07 » мая 2012 года г. Шымкент</p> <p>ЖБ - Б № 0400385</p>
--	---

# БІЛІКТІЛІК АРТТЫРУ КУРСТАРЫ



# БІЛІКТІЛІК АРТТЫРУ КУРСТАРЫ



# БІЛІКТІЛІК АРТТЫРУ КУРСТАРЫ





# БІЛІКТІЛІК АРТТЫРУ КУРСТАРЫ



# ӨЗ БІЛІМІН ЖЕТІЛДІРУ ЖОСПАРЫ



## Өзіндік білім көтерудің мақсаттары:

Оқыту мен тәрбиелеудің әдістерін жетілдіру мақсатында жалпы педагогикалық және психологиялық білімді оқып үйрену.

Педагогика ғылымының жетістіктерін, озат тәжірибені оқып үйрену.

Жалпы мәдени деңгейді көтеру.



**Семинарлар**

**Білім  
жетілдіру  
жүйесі**

**Курстар**

**Конкурстар**

**Ашық  
сабақтар**

**Тәрбиешінің  
шеберлігі**

**Баяндамалар**

№	Іс-шаралар	Мерзімі
1	Өз білімін көтеру жоспарын бекіту	Қыркүйек
2	Мектепке дейінгі білім беру саласына байланысты баспасөз мақалаларын үзбей оқу	Үнемі
3	Интернет желісінен мектепке дейінгі білім беру саласының жаңалықтарын, жаңа материалдарын үздіксіз қарау, оқу, өз жұмысымда қолдану.	Үнемі
4	Ғаламтордан <a href="http://ustaz.kz">ustaz.kz</a> , <a href="http://bilim.kz">bilim.kz</a> , <a href="http://infust.kz">infust.kz</a> сайттары арқылы қалалық, облыстық, республикалық көлеміндегі шығармашыл ұстаздармен тәжірибе алмасу	Уақытында
5	Қалалық, облыстық, республикалық, халықаралық семинарларға, олимпиадаларға, байқауларға үзбей қатысу.	Үнемі
6	Қазақстан Республикасының білім туралы заңдарын оқу, нормативті құжаттарын өз жұмысымда қолдану.	Үнемі
7	Өз жұмысым туралы әдістемелік, педагогикалық кеңестерде баяндау	Жоспар бойынша
8	Қалалық, облыстық, республикалық газет журналдарға жазылу.	Үнемі
9	Әдістемелік журналдарды, жаңа шыққан әдістемелік құралдарды электрондық оқулықтарды видео сабақтарды пайдалану	Үнемі
10	Өз біліміңді жетілдіру курстарына қатысу	Жоспар бойынша
11	Қалалық, облыстық, республикалық, семинарларға қатысып, озат тәжірибе алмасу.	Жоспар бойынша



## II Педагогикалық-психологиялық білімді жетілдіру



Р/с	Мақсаты	Іс-шаралар
1.	Балабақша психологымен диагностикалық жұмысты жетілдіру, педагогикалық тәжірибені жинақтау және қорландыру.	Қалалық, облыстық, республикалық ғылыми конференция жинақтарындағы материалдармен ұдайы танысып отыру. Педагогика және психология ғылымы саласындағы жаңа көзқарастар және тәжірибелермен танысып отыру. Мектепке дейінгі білім беру саласына қатысты газет, журналдардағы әріптестердің жаңашыл ізденістерімен танысу, педагогикалық банк қорын жинақтау.

## III Саяси-идеялық білімді жетілдіру

Р/с	Қажетті нормативтік құжаттар	Маңызы
1.	Үздік отыздық қатар «100 нақты қадам»	Елбасының жыл сайынғы жолдаулары, бәсекеге қабілетті елдер қатарына қосылу жолындағы жұмыстар
2.	ҚР-ның мемлекеттік рәміздері, ҚР Президентінің жарлықтары	ҚР мемлекеттік рәміздері (ту, елтаңба, әнұран) туралы конституциялық заң 1996 жылы 24 қаңтарда белгіленген.
3.	Қазақстан Республикасының Конституциясы	ҚР Атазаңы 1995жылы 30 тамызда қабылданды.

# ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖҰМЫС



**Тақырыбы: «Ойын арқылы таным үрдістерін, қол машықтарын дамыту»**





**Мақсаты:** Әр түрлі ойындарды ойната отырып, түрлі тапсырмалар бере отырып, балалардың қол машықтары, таным үрдістерін, белсенділігін арттыру.

**Міндеттері:**

1. Сабаққа деген белсенділігін арттыру
2. Ойын жүргізу арқылы қол машықтарын дамыту.
3. Оқу үрдісін ұйымдастыруда баланы тұлға етіп тәрбиелеу.
4. Балаларды өздігінен жұмыс істеуге, жақсылыққа, қайырымдылыққа, ізгілікке, әдептілікке тәрбиелеу.

# Өзектілігі



*Балалардың қол машықтарын дамыту қазіргі заманда ең өзекті мәселе болып табылады. Балалардың психикасы мен бас миының іс-әрекетін зерттеген кезде ғалымдар оларға қол функцияларының үлкен ықпал тигізетінін атап өтті. Баланың қалай дамып келе жатқанын көрсететін, оның интеллектуалдық қабілетін айғақтайтын дәл ұсақ қол (моторикасы) машықтары екендігі белгілі. Өкінішке орай, практика көрсеткіші бойынша, қазіргі заманғы балалардың жалпы моторикасы және тіл дамуының жетілуі төмен деңгейде, ол көбінесе кіші жас балаларда байқалады. Қол моторикасы жетілмеген балалар өзі-өзіне қызмет көрсету іс-әрекеттерін епсіз орындайды, ұйымдастырылған оқу іс-әрекетте де (сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру) басқа балаларға ілесе алмайды. Осы себептен, өзіне деген сенімі, өзін бағалауы, эмоционалдық көңіл-күйі төмендейді. Осының барлығы келешекте мектептің бастауыш сыныптарынан бастап, баланың оқуға деген ынтасын төмендетіп, негативтік әсерін тигізуі мүмкін. Моторика деген не? Бала дамуына қандай әсер тигізеді? Ата-аналарға балаларын мектепке дұрыс дайындап, жан-жақты дамуына қандай көмек көрсетуге болады? Аталған сұрақтардың жауабын табу осы тақырыппен жұмыс жасауға, жаңа әдіс-тәсілдерді қолданып мәселені шешуге мені жетелеп әкелді.*





- **МАҚСАТЫ:** Әр түрлі іс-әрекеттер арқылы мектепке дейінгі кіші жастағы балалардың ұсақ моторикасымен қол үйлесімдігін дамыту.
- **Міндеттері:** Қол мен көздің үйлесімділігін және дәлдігін жетілдіру, қолдың икемділігін, ырғағын дамыту Қолдың бұлшық еттері мен саусақтарының ұсақ моторикасын дамыту Тілдік функциясының дамуына көмектесу Әр түрлі заттарды қолданғанда қолдың ұсақ моторикасы мен икемділігін жаттықтыру Құрбыларымен және үлкендермен қарым-қатынаста эмоционалдық жайлы жағдай жасау Балалардың ұсақ моторикасының дамуына ата-аналармен қарым-қатынаста жұмыс жасау.







# Балалардың ұсақ моторикасын дамытуға арналған дидактикалық материалдар





# ***Ойынның маңызы:***



1. Ақыл-ойы дамиды, оқуға қызығушылығы белсенділігі, шығармашылығы, артады, тұлғалық қасиеттері қалыптасады.
2. Ойын түрінде оқыту жалықтырмайды, балалардың білімінің сапасын арттыруда, оқу іс-әрекетін қызықты өткізуге, тәрбиеші үшін тиімді.
3. Бала бойындағы жағымсыз қылықтарды, ойын арқылы тәрбиелейді.



Ойын баланың алдынан өмірдің есігін ашып, оның шығармашылық қабілетін оятып, танымдық қасиеттерін дамытады. Ойын - бала табиғатымен егіз. Өйткені бала ойынсыз өспейді, жан-жақты дамымайды, бала отбасымен және қоршаған ортамен тығыз араласа отырып, ана тілін үйренеді. Ойын арқылы баланың болашаққа көзқарас қалыптасады.

Кішіге қамқорлық көрсету, әлсізді қорғау, ренжітпеу, жолдарымен ойын барысында бірлесе шешім қабылдау, басқа адамның еңбегін бағалай білу дегенді олар күнделікті ойын негізінде сезінеді.

Қандай ойын түрі болсын, дидактикалық па, шығармашылық па, қимылды ма, саусақ ойыны ма, сюжеттіме, драмалық болсын баланың ой-өрісін дамытады, сөздік қорын молайтады, адамгершілік қасиеттерін қалыптастырады, қиялдау, ойлау, есте сақтау қабілеттерін жетілдіреді.

# ЖЕТІСТІКТЕР, МАРАПАТТАР



# ЖЕТІСТІКТЕР, МАРАПАТТАР





# ЖЕТІСТІКТЕР, МАРАПАТТАР



# ӘРІПТЕСТЕРМЕН



# БАЛАЛАРМЕН ЖҰМЫС

